


Мектепалды жас тобы

Тақпақтар, әндер: Көктем мезгілі туралы тақпақтар

КӨКТЕМ (Қадыр Мырза Әлі)

Көктем келді, құс келді,
Күн ұзын, түн қысқа енді.
Көктем келді, су ақты,
Күннің көзі шуақты!
Көктем келді, гүл өсті,
Көбелектер гүлесті!
Көктем келді көл үсті
Көңілді де, келісті.
Көктем келді, іс келді,
Күн ұзын, түн қысқа енді.



Көмек Ыбыраев «Көктем».

Бұлбұл сайрап шат үнді,
Ну тоғайға шақырды.
Таудан аққан өзен де
Бар дауысымен ақырды.
Жайраңдасып жас-кәрі,
Құстар келе бастады.
Қыс киген ақ шапанды
Көктем жыртып тастады.

Image not found or type unknown

